

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ**



**Бекітілді**

Департамент кеңесінде

Хаттама № 5

«20» 01 2021 ж.

Департамент директоры

Бекпенбетова К.А.



**ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

**Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы**

**2021/2022 оқу жылы**

**Алматы, 2021 ж.**

## МАЗМҰНЫ

1. **Кафедраның жалпы сипаттамасы** (*кадрлар потенциалы, ПОҚ-ның сандық-сапалық көрсеткіші*)
2. **Оқу үдерісі** (*ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі*)
3. **Ғылыми-зерттеу жұмыстары** (*профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалары, оқу құралдары, конференциялар, біліктілікті жетілдіру сертификаттар*)
4. **Тәрбие үдерісі** (*ҚХА кафедрасында атқарылған іс-шаралар, студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының құрамы, іс-шараларға қатысуы, кездесулер*)
5. **Уәкілетті органдармен байланыс**

**Қосымша (фото есептер)**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі  
Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының  
2021-2022 оқу жылының 1 жарты жылдығында атқарылған іс-  
шаралары туралы**

**ЕСЕБІ**

**1. Кафедраның жалпы сипаттамасы.**

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылды. Қол қойған тұлғалар: ҚХА кафедралар Ассоциациясының төрағасы, э.ғ.д., профессор А.А.Башмаков және Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор Т.О. Балықбаев.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының құрылымы университеттің штаттық кестесімен анықталып, жұмысы ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Кафедра меңгерушісі-ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман.

Ассамблея кафедрасы университеттің құрылымдық бөлімшесі ретінде Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму проректорының қарауында жұмыс атқарады.

Кафедраның материалдық базасы жоғары деңгейде. Кабинетке күрделі жөндеу жасалған.

Кафедраның саяси мазмұны ескеріле отырып, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтылған.

Жаңа пәнді «Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» мен «Саясаттану және Әлеуметтік–философиялық пәндер» кафедрасының профессор-оқытушылары ҚХА кафедрасы базасында жүргізеді. Мамандар құрамында 1 филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымд. профессор; 1 саясаттану ғылымдарының кандидаты, профессор; 1 тарих ғылымдарының кандидаты, доцент; 1 педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; және 1 филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы сабақ береді. Кәсіби деңгейлері біліктілік талаптарына сай келеді. Кафедраның ғылыми әлеуеті – 80%.

**2. Оқу үдерісі** (ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі). Кафедра 2020-2021 оқу жылынан бастап **«Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі»** арнайы курсы енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының 2021/2022 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі- 2,5 штаттық бірлік, 2 кредит, 1415 сағат. Жаңа пәннің оқу-әдістемелік кешені жасалып, силлабустарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Жаңа әдебиеттер тізімі іріктеліп, қосымша жаңа әдебиеттер енгізілді. Арнайы пән бойынша әдістемелік оқу құралдары

әзірленуде. Пәнге сәйкес ғылыми мақалалар жарияланып, дін өкілдерімен, құқық қорғау өкілдерімен семинарлар өткізілді.

№	Оқытушы проф. аты-жөні	Қызметі	Бірлік саны	Ауд.кредит саны	Кредит саны	Ескерту
1	Шаһарман Г.П.	ф.ғ.к., қауымд.профессор	1,0	285	570	*кафедра меңгерушісі
2	Ішпекбаев Ж.Е.	с.ғ.к., профессор	0,25	140	140	қосымша
3	Джайнакбаева Г.Т.	п.ғ.к., доцент	0,25	140	140	қосымша
4	Оспанова Р.Р.	т.ғ.к., доцент	0,25	2,87	5,75	қосымша
5	Оспанова Б.Р.	ф.ғ.к., аға оқытушы	0,75	425	425	штат
	<b>Барлығы:</b>		2,5	1130	1415	
	<b>Вакансия:</b>					

**Ішпекбаев Ж.Е.** Оқу процесі бойынша. 2021-2022 оқу жылындағы кафедрада бекітілген жүктеме бойынша аудиториялық сабақ екінші семестрге жоспарланған.

**Джайнакбаева Г.Т.** Оқу жылының басында оқу бағдарламасына сәйкес 15 аптаға пәннің силлабусы жасалып, толықтырулар енгізілді. Дәрістер курсы қайта өңделді.

**Оспанова Р.Р.** Жоспарға сәйкес жыл басында «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі» пәні бойынша силлабус және оқу - әдістемелік кешен жасалынды. Дәрістер курсы толықтырылып, қайта өңделді. Сабақтар дәріс, семинар және СӨЖ түрінде өткізіледі.

**Оспанова Б.Р.** Оқу процесі бойынша. 2021-2022 оқу жылындағы кафедрада бекітілген жүктеме бойынша аудиториялық сабақ екінші семестрге жоспарланған. Пән бойынша жоспары, мазмұны бекітіліп силлабусы жасалынды.

Арнайы курс университеттің педагогикалық емес барлық мамандықтарында, орыс, қазақ бөлімдерінде, 1-курстарда жүргізіледі. Қазақ бөлімдерінде – 1571 студент, орыс бөлімдерінде-92 студент оқиды. Үлгерімі 90%.

### **3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары** (профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалары, оқу құралдары, конференциялар, біліктілікті жетілдіру сертификаттар)

1. Кафедра тарапынан төмендегідей ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланды.

Негізгі бағыты: этносаралық, конфессияаралық келісім мен толеранттылық, қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау.

**Шаһарман Г.П.** Алғашқы жарты жылдық бойы бірнеше теориялық, практикалық конференцияларға онлайн және офлайн түрінде қатысып, жоспарға сәйкес бірнеше мақалалар жазылып, жариялану үстінде.

**Джайнакбаева Г.Т.** Жоспар бойынша жобаланған ғылыми мақала халықаралық конференцияда («Учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания» тақырыбында) жарық көрді. Оқу

жылының соңына дейін тағы да ғылыми мақалалар жариялауды жоспарлап отыр.

**Оспанова Р.Р.** Екі оқу құралы дайындалуда және Scopus базасына екі мақала баспадан жарық көрді. (HISTORY OF PARTNERSHIP RELATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH FAR ABROAD COUNTRIES (1990-2000) // Astra Salvensis. Arts and Humanities: History. ISSN: 2393-4727. Romania. 2021. және Каирден шықты)

**Оспанова Б.Р.** Алғашқы жарты жылдықта ғылыми-практикалық конференцияларға жоспарға сәйкес мақалалар жарияланды. Алдағы уақытта Scopus базасына мақала баспаға берілген. (Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, No. 4, 2021, (Scopus. 43 процентиль). 124-139 с)

Кафедра профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалар тізімі

№	Профессор-оқытушылар аты-жөні	Ғылыми еңбек, мақала атауы	Журнал, баспа атауы	Қосымша авторлар
1.	Шаһарман Г.П.	ҚХА этномәдени бірлестіктері мен кафедраларының қазақстандық бірегейлік пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған бірлескен жобаларды іске асырудағы өзара іс-қимылы туралы (Алматы қ., республикалық Достық үйінің жұмыс тәжірибесінен)	«ОҢТҮСТІК ӨҢІР ТӘЖІРИБЕСІ ҮЛГІСІНДЕ ҚАУЫМДАСТЫҚ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚХА КАФЕДРАЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ» республикалық әдістемелік вебинар материалдары 26–27 ақпан 2021 жыл Нұр-Сұлтан – Тараз 2021	
2.	Шаһарман Г.П.	«Толеранттылық – патриоттықтың құрамдас бір бөлігі»	Білімді ел № 18 (272) 11 мамыр 2021 жыл	
3.	Ішпекбаев Ж.Е.	Қазақстандағы қоғамдық дипломатия және аумақтық брендинг қызметі.	Абай ат. Қазақ ҰПУ ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(66), 2020-275	Оспанова Р.Р.
4.	Оспанова Р.Р.	<b>ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРЛЕР БАС КИІМДЕРІ ВИЗУАЛДЫ ЖӘНЕ НАРРАТИВТІ ДЕРЕКТЕРДЕ: ВЕСТИМЕНТАРЛЫ КОДТЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)</b>	Әл- Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясы, 2021 ж., № 4 - 232-235 бб	

		Әл- Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясы, 2021 ж., № 4 -232-235 бб		
5.	Оспанова Р.Р.	HISTORY OF PARTNERSHIP RELATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH FAR ABROAD COUNTRIES (1990-2000) //	Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, Vol. 28, No. 3, 2021 109 УДК 9. 327 DOI: 10.37635/jnalsu.28(3).2021.109-118 <a href="http://visnyk.kh.ua/en/article/istoriya-partnerskikh-vidnosin-respubliki-kazakhstan-z-krayinami-dalekogo-zarubizhzhya-1990-2000">http://visnyk.kh.ua/en/article/istoriya-partnerskikh-vidnosin-respubliki-kazakhstan-z-krayinami-dalekogo-zarubizhzhya-1990-2000</a> Scopus. 43 процентиль. 3 квартиль. Украина.	<i>Karasayev, G.M., Ospanova, R.R., Naimanbayev, B.R., Yerimbetova, K.M., &amp; Kairgaliyeva, G.K.</i>
6.	Оспанова Б.Р.	History of partnership between the Republic of Kazakhstan and the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (1992-2014)	ожидает публикацию в журнале Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, No. 4, 2021, (Scopus. 43 процентиль). 124-139 с.	Ganiy M. Karassayev, Beibitgul Shurshitbay, Bekmurat R. Naimanbayev,, Kulpash M. Pyassova, Bayandy R.Ospanova
6.	Оспанова Б.Р.	«Тенденции развития филологической науки за годы независимости РК». Монография тарауы. Инновационное развитие науки и образования: монография	/ Под общ. ред. Г. Ю. Гуляева — Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». — 2021. — 320 с. РИНЦ- 142. Б. 244-258.	Даутова С.Б.,
7.	Оспанова Б.Р.	Тәуелсіздік кезеңіндегі тіл білімінің дамуы. //«Қазақстан тәуелсіздігі және рухани–мәдени құндылықтар»	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция. 2021. 4 том. Б.129-135.	
8.	Оспанова Б.Р.	Қазақша оқыту – мемлекеттік тілдің кең ерісі.	Materials of the XVII International scientific and practical Conference Fundamental and applied science -2021 , October 30 - November 7, 2021: Sheffield. Science and education ENGLAND. LTD -40-44p.	

			Fundamental and applied science .	
9.	Джайнакбаева Г.Т.	Учебно- методические основы внедрения системы критериального оценивания	Международная научно-практическая конференция «Современная историческая наука: проблемы краеведения, региональной и локальной истории», Алматы, 24 ноября 2021г., С.249-256	

**2021 ж. Авторлық куәлік:**

1 ҚР Ұлттық зияткерлік меншік институтынан Даутова С.Б., Оспанова Б.Р. «Тәуелсіздік кезеңіндегі мемлекеттік тілдің маңызы» атты ғылыми туындыға Авторлық құқықты растайтын куәлік алынды. №16463 Авторлық куәлік, 2021 жыл.

2 Даутова С.Б., Оспанова Б.Р. Тарихи тұлғаларды пассионарлық аспектіде тұжырымдамалаудың көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері. Авторлық куәлік № 16464. 2021 жыл.

3 Даутова С.Б. Алтын Орда дәуіріне жататын әдебиеттердің негізгі мәдени-көркемдік кодтары мен уәждемелерінің көркемдік және тілдік өзгеріске ұшырауы. Зияткерлік меншік құқығын қорғау комитеті. Авторлық куәлік. №31252. 2021 жылғы қыркүйек.

**Оспанова Б.Р., БЖҒМ Ғылым комитетінің қаржыландыру іргелі жобасы:**

1 2021-2022 ж ГФ «Алтын Орданың әдеби ескерткіштері: әлемнің тілдік және көркемдік бейнесі»

2 2021-2023 ж.ж. ГФ «Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттілік идеясы мен тарихи тұлға тұжырымдамасының көркем әдебиеттегі көрінісі»

3 2021 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырған жобасы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы филология ғылымының даму тенденциялары»

**Біліктілікті көтеру сертификаттары, 2021-2022 жж.**

№	Аты-жөні, қызметі, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі	Біліктілікті көтеру курсынан өткізген мекеме	Курс бағдарламасының тақырыбы	Өту мерзімі	Сағат көлемі	Растайтын құжат
1	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профессор	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ	«Этносаралық қатынастар саласын ғылыми сүйемелдеу және әдістемелік қамтамасыз ету: Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының қызметіндегі жаңа тәсілдер»	04.12.2020-05.06.2021	72 сағ.	Сертификат №02-14-18/381
2	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профессор	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Қашықтан оқыту форматындағы педагогикалық білім беру»	11.01.2021-15.01.2021	8 сағ.	Сертификат
3	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профессор	Торайғыров университеті	«Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және ҚХА кафедралары мен Қауымдастықтың гранттық ғылыми-қолданбалы жобаларды іске асыруға қатысуы»	29.01.2021-30.01.2021	12 сағ.	Сертификат №05144
4	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профессор	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	«Оңтүстік өңір тәжірибесі үлгісінде Қауымдастық шеңберінде ҚХА кафедраларының этномәдени қауымдастықтармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру»	26.02.2021-27.02.2021	12 сағ.	Сертификат №000109/109
5	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профессор	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	«ҚХА кафедраларының тарихи жадыны сақтау бойынша музейлер және архивтермен	26.03.2021-27.03.2021	12 сағ.	Сертификат №0120



			ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ (Қарағанды облысының жоғары оқу орындары мысалында)»			
6	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профес сор	І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	«ҚХА кафедралары мен Қауымдастық қызметіндегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бойынша ҚХА-ның жастар құрылымдарымен өзара іс-қимылдағы заманауи тректері»	23.04.2021- 24.04.2021	12 сағ.	Сертификат №1021
7	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., қауымд.профес сор	Ақтау қаласы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	«ҚХА кафедраларының қызметіндегі перспективалы шекара маңы ынтымақтастығы:этно оинтеграциялық трендтер»	4.06.2021- 5.06.2021	12 сағ.	Сертификат №002362
8	Ж.Е.Ішпекбаев	Абай атындағы ҚазҰПУ	The TOP MANAGER UNIVERSITY M3n3- MBA PROGRAM	9.10.2020- 30.04.2021	360 сағ	Сертификат №18
9	Ж.Е.Ішпекбаев	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Заманауи мектепте электрондық тьюторлықты ұйымдастыру және коучинг, менторинг үдерістерін басқару»	22.11.2021- 03.12.2021	80 сағ.	Сертификат №007918
10	Р.Р. Оспанова т.ғ.к., доцент	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ	«Этносаралық қатынастар саласын ғылыми сүйемелдеу және әдістемелік қамтамасыз ету: Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының қызметіндегі жаңа тәсілдер»	04.12.2020- 05.06.2021	72 сағ.	Сертификат №02-14- 18/418
11	Р.Р. Оспанова т.ғ.к., доцент	«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты	«Рухани жаңғыру» қағидаттарына негізделген тәрбие жұмысын жетілдіру	22.09.2021- 30.11.2021	128 сағ.	Сертификат №345
12	Р.Р. Оспанова т.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Заманауи мектепте электрондық тьюторлықты ұйымдастыру және	22.11.2021- 03.12.2021	80 сағ.	Сертификат №007919

			коучинг, менторинг үдерістерін басқару»			
13	Б.Р. Оспанова ф.ғ.к., аға оқытушы	Академия наук республики Татарстан Институт языка, литературы и искусства имени Г.Ибрагимова	«Филологические науки в контексте смены парадигм» //доклад на I Международном научно-практическом семинаре «Татароведение в ситуации смены парадигм: теория, методология, практика».	2.12.2021-3.12.2021		Сертификат
14	Б.Р. Оспанова ф.ғ.к., аға оқытушы	Шеффилд қаласы	Қазақша оқыту – мемлекеттік тілдің кең өрісі	30.10.2021-07.11.2021		Сертификат
15	Б.Р. Оспанова ф.ғ.к., аға оқытушы	Шеффилд қаласы	Тәуелсіздік кезеңіндегі білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыты сауаттылық	30.10.2021-07.11.2021		Сертификат
16	Г.Т. Джайнакбаева п.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Цифрландыру жағдайында орта білім беру мекемелерінде оқыту мен білім берудегі жаңа тәсілдер»	25.02.2021-5.03.2021	72 сағ	Сертификат №059
17	Г.Т. Джайнакбаева п.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Информационно-коммуникационные технологии в образовании»	15.01.2021	40 сағ	Сертификат №004666
18	Г.Т. Джайнакбаева п.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Kazakhstan and China: Historical aspects of public relations between the two countries»			Сертификат

**1. Тәрбие үдерісі** (ҚХА кафедрасында атқарылған іс-шаралар, студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының құрамы, іс-шараларға қатысуы, кездесулер).

**5 қыркүйек 2021 жыл.** Дәстүрлі түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына сәйкес, Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл – татулықтың тірегі» атты мерекелік шара онлайн түрде өткізілді. Іс-шараның мақсаты Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру.

**19 қараша 2021 жыл.** 2021 жылдың 19 қарашасы күні Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы және студенттік «Бірлік» Ассамблеясының ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи педагог құзыреттілігі» тақырыбындағы институтаралық интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Бұл шараға университеттің 6 институтының студенттері қатысып, 4 кезеңнен тұратын сайыс сынағынан өтті. Бірінші кезеңнің шарты бойынша «Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі» тақырыбы көлемінде университетіміздің ректоры Дархан Біләлов және профессорлар құрамынан Б.Әбдіғазизұлы, институттың директорларынан Т.Қожағұлов, А.Таңжарықова, оқу ісі жөніндегі директор орынбасарларынан Ш.Хамраев, А. Ақжолова, кафедра меңгерушілерінен Ж.Симтиков, Н.Ильясова, институттардың білім саласы қызметкерлерінен Қ.Жұмағұлова сонымен қатар, Тәрбие департаменті директорының орынбасары Д.Ділдабектер бейнежазба арқылы өз сұрақтарын жолдап, студенттерді алғашқы байқаудан өткізді. Білім сайысына қатысушылар екінші кезеңде – Педагогикалық шеберлікті шыңдау мақсатындағы экранда көрсетілген суреттердің мағынасын бір сөзбен ашу; үшінші кезеңдегі – Студенттердің жалпы танымдық көкжиегін анықтау үшін қойылған әртүрлі сұрақтарға да ұтымды әрі нақты жауап беріп көпшіліктің көңілінен шықты.

Сайыстың ең маңызды әрі мазмұнды бөлгі – төртінші кезең болды. Мұнда әр топ «Заманауи педагог» моделін ұсыну мақсатында өздерінің жобаларын қорғады. Әсіресе, құзыретті педагогке қойылатын негізгі талаптардың ішінен заманауи талаптарға сай әдіс-тәсілдермен қатар цифрлық педагогтің қызметтерін айқындап берген топтарға көремендер ерекше ризашылық білдірді.

Қазылар алқасының мүшелері- Тәрбие департаментінің директоры Қ.Бекпенбетова, Оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Т. Арыстанқызы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Г.Шаһарман интеллектуалдық сайыстың қорытындысымен таныстырып, жүлделі орындармен марапаттады.

**8 желтоқсан 2021 жыл.** 2021 жылдың 8 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл: Ұлтаралық толеранттылықты нығайтудың маңызы және бірегейліктің болашағы» Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен қалалық дөңгелек үстел өтті. Аталған дөңгелек үстелді университетіміздің ректоры Біләлов Дархан Нұрланұлы өз құттықтау сөзімен ашты. Дөңгелек үстелдің модераторы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Нұрланов Шыңғыс Нұрланұлы өз кезегінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы жайында шағын тезисін баяндай отырып, сөз тізгінін төмендегі қонақтар мен профессорларға берді. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Ахыска» түрік этномәдени бірлестігі басшысының орынбасары - **Қасимов Қазақбай Таштемирұлы**, химия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан халқы

Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, "Филия" Қазақстанның грек қоғамдары қауымдастығының төрағасы - **Иорданиди Георгий Константинович**, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Республикалық ұйғыр этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, Республикалық «Ұйғыр аязы» газетінің бас редакторы **Асмаев Ершат**, саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор **Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы** мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі **Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы**. Баяндаманың қорытындысын студенттік «Бірлік» Ассамблеясы төрағасының орынбасары, педагогика және психология институтының 1 курс студенті **Марченко Татьяна** жасады.

Кафедра меңгерушісі **Шаһарман Гүлжихан Пішенбайқызы** Қазақстан халқы Ассамблеясының өткізген іс-шараларының фото есебімен келген қонақтарға презентация арқылы қысқаша таныстырып, есеп беру арқылы қорытынды жасады.

**27 қараша 2020 жыл.** 2021 жылдың 6-11 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тірегім, Қазақстан – жүрегім» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 1-курс студенттері арасында университетшілік мәнерлеп оқу байқауы өтті.

Аталған байқауда 1-курс студенттері 3 түрлі номинация бойынша бақ сынады. Олар: қазақ тобында оқитын қазақ студенттері, орыс тобында оқитын қазақ студенттері және орыс тобында оқитын өзге ұлт студенттері.

Байқаудың шарты бойынша студенттер тақырыпқа сәйкес ақындардың туындыларын бейнежазба арқылы ұсынды.

Байқаудың қорытындысын арнайы құрылған қазылар алқасы бағалап, 1,2,3 дәрежелі дипломдармен және белсенді қатысқан студенттерді алғыс хаттармен марапаттады.

**Кафедра 2020-2021** оқу жылынан бастап педагогикалық емес барлық мамандықтағы, орыс және қазақ бөлімдерінің 1-курс студенттеріне «**Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі**» арнайы курсы енгізілді. Әр оқу жылында сонымен қатар 2021/2022 оқу жылында да бұл пән 2 семестрден бастап оқытылады. Бұл пән 2018-2019 оқу жылында профессор Г.В. Канның ұсынысымен пилоттық режимде өткізіліп, оқу үдерісіне ұсынылған. Бұл жас ұрпақтың заманауи әлемде дұрыс бағдар алуына, толеранттылықты сақтауға, қазақстандық қоғамдағы рухани келісімге, Қазақстан халқының бірігу үдерісіне белсене қатысуына және азаматтық қоғамдастықтың қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Жаңа пәнді университеттің біліктіліктері жоғары профессор-оқытушылары жүргізеді. Оқыту барысында әр ұлт өкілдерінен құралған студенттердің қызығушылығын байқауға болады. Білім алушыларға

арналған пән туралы арнайы бейне-ролик ұсынылып, дәріс, семинар сабақтарының тақырыптары мазмұнына қарай іріктеліп жасалды.

Кафедраның жетекшілігімен университетте студенттік «Бірлік» Ассамблеясы жұмыс істейді. «Бірлік» Ассамблеясының 30 студенттен тұратын тұрақты белсенділер тобы бар. Олар университеттің жеті институтынан құралған. Университет бойынша жалпы 500 ге жуық өзге ұлт студенттері оқиды. Студенттер арасындағы өзге ұлт өкілдерінің саны – 484. Оның ішінде орыс ұлты – 125, ұйғыр ұлты -148, өзбек -119, корей-19, татар - 20, түрік -12, әзербайжан -8, тәжік -10, украин -2, күрд -3, дүнген -3, неміс -3, грек -3, ингуш – 2, шешен -2, қарақалпақ – 4, қалған ұлт өкілдері бір-бірден. Олардың әрқайсысы өздерінің этно-мәдени бірлестіктерінің қалыпты жұмыс істеуіне, дамуына мүдделі және әрдайым іс-шаралар арқылы үлес қосуға тырысады. Өзге ұлт студенттерінің үштен екісі мемлекеттік тілде түсінеді, үштен бірі қазақша еркін сөйлейді. Бұл студенттердің ел тұтастығы мен азаматтық қоғам бірегейлігін қалыптастырушы фактордың бірі ретіндегі - мемлекеттік тілді дамытуға қосып жатқан үлестері. Көрсеткішке қол жеткізу қазақ тілі сабақтары мен сөйлеу мәдениеті курсына жүзеге асырылады. Нәтижесінде университетте, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқау, жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. «Бірлік» Ассамблеясының студенттері университеттегі жоспарлы және жоспардан тыс атқарылатын іс-шараларға үнемі қатысып отырады.

## **2. Уәкілетті органдармен байланыс**

Ассамблея кафедралары Ассоциациясымен, АҚДМ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтымен, этномәдени бірлестіктермен жүйелі түрде, тұрақты жұмыс жүргізіледі. Қазіргі пандемия жағдайында онлайн форматында жұмыс жалғасуда. Ассамблея кафедрасы базасында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерінің қонақтық дәрістері оқытылады.

### **2021-2022 оқу жылының 2 ші жарты жылдықта атқаратын іс-шаралар тізімі.**

1. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай өткізілетін іс-шара;
2. «Үлкенге –құрмет, кішіге –ізет» 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған іс-шара;
3. «Әз-Наурыз Абай ауылында» театрландырылған мерекелік шара;
4. «Береке бастауы бірлік» тақырыбында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған студенттер Ассамблеясының этнофестивалі.Этно-мәдени бірлестіктің презентациясы, әр халықтың ұлттық өнері.
5. «Конституция – кемел келешектің кепілі» 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған мерекелік шара.
6. 1. Алматы қаласында ҚХА қалыптасуы, «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақтану» тақырыптарына презентациялар, қосымша әдістемелік оқу құралдар әзірлеу. 2. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәселелері, жастардың рөлі бағытында БАҚ –та мақалалар жариялау

## Қосымша. ҚХА кафедрасында 2021/2022 оқу жылында өткізілген іс-шаралар бойынша фотосепп

1. Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл – татулықтың тірегі» атты мерекелік шара өткізілді.



2. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Заманауи педагог құзыреттілігі» атты интеллектуалды сайыс өтті.





**1. 2021 жыл. «Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайтудың рөлі» тақырыбындағы қоғам қайраткерлері мен Ассамблея мүшелерінің қатысуымен өткізілген қалалық дөңгелек үстел.**



**2. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тірегім, Қазақстан – жүрегім» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.**

